

Облыстық соттағы семинар-практикум

Қостанайда судьялар Халықаралық құқық қорғау орталығымен бірлесіп дауларды сотқа дейінгі реттеу негіздері бойынша семинар-практикум өткізді.

Нақтырақ айтқанда, Қостанай облыстық соты Халықаралық құқық қорғау орталығымен бірлесіп «Даулар мен жанжалдарды реттеуге арналған медиация негіздері. Міндетті сотқа дейінгі реттеу» атты семинар-практикум өткізді. Шараға судьялар, кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, адвокаттар, үкіметтік емес ұйым мен БАҚ өкілдері қатысты.

Семинар-практикум модераторы облыстық сот

судьясы Ағайша Нұрлымбаева ҚР Жоғарғы Соттың даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобасының іске асырылуына орай тақырыптың өзектілігін атап өтті.

Кездесуде «Халықаралық құқық қорғау орталығы» ҚБ-нің Президенті, ТМД Экономикалық Сотының халықаралық арашашысы, Қазақстан медиаторлары қауымдастығының бас директоры Жәнділда Жақыпов спикер болды.

Шара әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, қоғамдық келісімді арттыру мақсатында даулы мәселелерді келісіммен шешуге мүмкіндік беретін бітімгершілік рәсімдері мен

медиация институтын дамыту мен насихаттауға және де жобаны тиімді жүзеге асыруға бағытталған.

Спикер танымды материалдарды ұсынып, отбасылық, еңбек, мұрагерлік, жер, үйден шығару даулары, кондоминиумды басқару мәселелері, қарыз алу және сақтандыру келісім-шарттары негізінде туындаған даулар бойынша тәжірибеден мысалдар келтіріп, сюжетті-рөлдік ойындар өткізді.

Семинар-практикум соңында қатарында он алты судья бар шараға қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі



Медиация – екі жаққа да қолайлы дауды шешу әдісі

Қазақстанда бес жылдан астам медиация институты дамып келеді. Медиация тараптардың жанжалдық деңгейін төмендетуге, медиацияның екі жағына да қолайлы болатын дауды шешу нұсқасына қол жеткізуге бағытталған. Өрбір оң нәтиженің маңызы зор – тараптардың құқықтары қорғалды, жанжал жоққа шығарылды.

Республика судьяларының VII съезінде берген Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында, Қазақстанда медиация тәртібінде даулардың бөлек санаттары бойынша дауларды (жанжал) сотқа дейін реттеуді енгізу жөніндегі пилоттық жоба жүргізіліп жатыр, ол татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейтуге, азаматтардың дауларды сотқа бармай реттеуге қызығушылықтарын анықтауға бағытталған.

2017 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы көрсетілген пилоттық жобаны іске асыру туралы ережені бекітті, сонда жобаның мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ, оны іске асыруға маңызы бар ережелері бекітілді.

Соттардың міндеттері ережеге сәйкес пилоттық жобаны іске асыру болып табылады.

Ереже ұйымдастырушылық және ақпараттық – осы екі бағыт бойынша пилоттық жобаны іске асыруды көздейді.

Ақпараттық бағыт ақпараттық стенділерді орналастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет желісінде ақпаратты орналастыру жолымен халық арасында пилоттық жобаны іске асыру туралы түсіндіру жұмысын жүргізуді көздейді.

Ұйымдастырушылық бағыт судьялардың тараптарға медиация тәртібінде дауларды шешудің құқығы мен артықшылығы туралы

түсіндіруді, судьялардың медиация тәртібінде жанжалды шешу үшін, тараптарға қолайлы жағдай жасауды көздейді. Содан басқа, іске қатысатын тұлғаларға әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тіркелген медиаторлар туралы ақпарат жеткізіледі.

Қазіргі кезде соттар көрсетілген бағыттарда белсенді жұмыс істейді. Жергілікті, сонымен қатар облыстық соттардың барлық сайттарында пилоттық жобаны іске асыру туралы ақпарат орналасады, сот ғимараттарында ақпараттық стенділер орналасқан, сот өндірісіне талапты қабылдаған кезде тараптарға медиация тәртібінде дауды реттеу артықшылығы түсіндірілетін хабарламалар, медиаторлардың тізімдері, медиация бөлмелерінің орналасқан орны туралы ақпарат жіберіледі, тараптардың медиаторға баруына уақыт беріледі.

Медиация тек қана ерікті негізде өткізілетінін ескерткен жөн, ол пилоттық жобаны әзірлеу кезінде есепке алынған.

Мәселен, тараптардың бірі медиацияны өткізуден бас тартқан жағдайда, немесе, медиацияны өткізу кезінде тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, іс АЖК талаптарына сәйкес қаралады.

Біздің қазіргі қоғамда азаматтардың өз құқықтарын іске асыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Мемлекет азаматтардың, сонымен қатар заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға жағдай жасайды. Медиация – медиацияның екі жағына қолайлы болатын дауды шешудің әдісі. Сотқа арыз берудің алдында, тараптар сөйлесу және бір-біріне пайдалы болатын жағдайларды талқылау жолымен келісімге қол жеткізу қажет, оған медиаторлар көмек көрсете алады.

М. ДІПТАЕВА,
Қостанай облысы Қарасу ауданының № 2 аудандық сотының судьясы

«Білгірлер сайысы» қызықты өтті

Наурыз айында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 2-курс курсанттарының ұйымдастыруымен «Білгірлер сайысы» өтті.

Сайыс 3 кезеңнен тұрды. 1-ші кезең логикалық сұрақтардан құралып, қатысушыларға жеребе бойынша бірқатар сұрақтар қойылып жатты. Бұл кезеңде 5 ұпай жинаған «Жалын» және «Алтын орда» тобы топ жарды.

2-ші кезең Биатлон деп аталып, жеребе бойынша «Алтын орда» бірінші бастады. Экранда көрсетілген ұйяшықтарды таңдап, ішіндегі сұрақтарға жауап берді. Бұл турда «Жалын» тобы 10 ұпаймен басым түсті.

Келесі кезең топ капитандарының



өзара сайысынан тұрды, яғни «ақыл жекпе-жек». Бұл кезде топ капитандары әр түрлі мақал-мәтелдер, жаңылтпаш және өндер айтып жарысты. Сондай-ақ, қосымша киіз үй және қыз қуу суреті бейнеленген портретті құрастыру болды. Бұл кезеңде қос топтың командирлері бірін-бірі жеңе алмады, тек қосымша мақал-мәтел сайысында «Жалын» тобының капитаны Мұхамметханов Бағнұр айқын жеңіске жетіп, «Жалын» тобын жеңіске жетелей білді. Ал екінші орынды «Алтын орда» тобы алса, 3-ші орынды «Аристократтар» тобы місе тұтты.

Осылайша «Білгірлер сайысы» өте тартысты әрі қызықты өтіп, әр командаға ұйымдастырушылар тарапынан сыйақылар тапсырылды.

Тұрсынбай ДУМАНЖАН,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат.
академияның
2-курс курсанты

Жақынына көмектес

Қазақстан Республикасы Қызыл Жарты Ай қоғамының Қостанай облыстық филиалы «Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ» ММ бастығына және ММ барлық ұжымына «Жақынына көмектес» жыл сайынғы акциясына белсенді қатысқандары үшін өз алғыстарын білдірді.



Жыл сайын филиалға мыңдаған адам көмек көрсету туралы өтініш білдіреді. Қоғам жұмыскерлері сырқаттанғандарға, жалғыз қалған қарттарға, әртүрлі жағдайларға байланысты көз жазып қалған туған-туыстарын іздегендерге олармен байланыс орнату арқылы көмек қолын созады.

Қызыл Жарты Ай қоғамы қиын өмірлік жағдайда қалған адамдарды киіммен, азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Ал жетім қалған балаларға арнайы бағдарлама шеңберінде материалдық көмек көрсетіледі. Қоғам алғашқы көмек көрсетумен кәсіби тұрғыда айналысады.

Бюджет мүшелік жарна және демеушілердің есебінен қалыптасады. Қазіргі уақытта Қостанай қаласында Қызыл Жарты Ай эмблемасы бар бес қайырымдылық қорабы есептеледі.

Өзінің алғыс хатында ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамының Қостанай облыстық филиалының директоры Раиса Савченко барлық көмек қолын созған асыл жандарға мықты денсаулық, еңбекте жетістік, гүлдену мен қаржылай тұрақтылықты тілейді.

«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ баспасөз-қызметі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

Халықаралық ынтымақтастық: жобаларға қатысу, біліктілікті арттыру

ҚР ИІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының халықаралық ынтымақтастығы көптеген бағыттар бойынша белсенді дамуда.

Оқу орны Ресей мен Белорустың ведомстволық оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 17 келісім мен хаттамалар жасасқан. Сондай-ақ Академия 2015 жылдың 15 мамырынан бастап әлемнің 45 елінен 53 оқу орны кіретін INTERPA Халықаралық полиция академиялары қауымдастығының мүшесі болып табылады. 2015 жылдан бастап Академияда ҚР ИІМ мен Еуроодақтың бірлескен «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» жобасы жүзеге асырылуда. Біздің қызметкерлеріміз өздерінің кәсіби деңгейлерін алыс және жақын шетелдер оқу орындарында көтереді.

Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының тыңдаушыларын шет елдер полициясы қызметтерінің жұмысымен таныстыру мақсатында Бахрейн, Қытай және Түркия оқу орындарында болған Академия қызметкерлерінің презентациялары дайындалып көрсетілді.

Тілдер кафедрасының доценті полиция полковнигі Г.К. Ескатова INTERPA Халықаралық полиция академияларының қауымдастығы туралы айтты. Қауымдастық қызметі, оның құрамы мен болашақтағы міндеттері туралы қызықты да ауқымды материал суреттер мен бейнематериалдардан көрсетілді.

2014 жылдың 21 қазанында Бахрейн корольдігінде INTERPA Атқару комитетінің 7-ші отырысы өтті, оған Түркия, Бразилия, Малайзия, Судан, БАЭ, Сауд Аравиясы, Беларусь, Тәжікстан, Қазақстан және Бахрейнді полиция оқу орындарының өкілдері қатысты. Біздің елімізді Қостанай академиясы мен Қарағанды академиясы танытты. Атқару комитетінің 7-ші отырысы өткізілгенде Қостанай академиясы осы ұйымға кіру туралы өтінішін қарау үшін ұсынды. Қазіргі уақытта Академия INTERPA Халықаралық полиция академиялары қауымдастығының толыққанды



мүшесі болып табылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының бастығы, полиция майоры Г.Т. Құжабаева Урумчи қ. полиция колледжінде өткен оқыту семинарына қатысты. Оқыту процесінде террористік қызметпен айналысушы адамдар мен ұйымдарды анықтау, террористік қызметтің алдын алу мен күрес тәсілдері - терроризмге қатысты өзекті мәселелер қозғалды.

Колледжде әскери және дене шынықтыру дайындығына үлкен көңіл бөлінеді. Гульмира Тохасовна аталған сабақтардың болашақ полицейлерді даярлаудағы алатын орны жайында айтты. Кун Фу, қоян-қолтық ұрыс, Сунь-цзы әскери шеберлігі, Тай-чи гимнастикасы – колледжде оқу кезіндегі меңгеруі қажеттілердің тізімінің бір бөлігі ғана.

ҚҚАҚЖК кафедрасының бастығы, полиция полковнигі М.Х. Шалғымбаев пен ӘЖАТД кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А.Ю. Сметановский Анкара қаласындағы оқу орталығындағы біліктілікті арттыру курстарын өту кезіндегі әсерлерімен бөлісті. Оқу курсы полицейлерді даярлаушы оқу орындарының, колледждер мен орталықтардың сабақ беруші нұсқаушыларына арналды.

Марат Хайдарович біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын Түркиядағы полиция құрылымымен таныстырды. Түркиядағы алғашқы полиция

бөліністері Осман Империясы мерзімінде пайда болды. 1845 жылы сол уақытта әскери қызметті орындаған полиция міндеттері мен мақсаттарын анықтаушы Полиция тәртібі қабылданды. 1909 жылы Түрік ұлттық полициясы қауіпсіздігінің Бас Директораты құрылды. Қазіргі уақытта Түркия полициясы қауіпсіздік Бас директораты бар Республиканың Ішкі істер министрлігінің құрылымына кіреді.

Түркия полициясының міндеттеріне: қоғамдық тәртіпті, азаматтар мен олардың жекеменшіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; құқықбұзушыларды анықтау және жауапкершілікке тарту; заңдармен, Үкіметтің тәртіптерімен және актілерімен жазылған басқа да міндеттерді орындау. Полиция міндетіне сонымен қатар келесі саяси міндеттер: мемлекет бірлігін сақтау және конституциялық тәртіпті қамтамасыз ету де кіреді. Сонымен қатар полиция әкімшілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары мен басқа да органдарға көмек көрсету бойынша шараларды орындайды.

Тыңдаушылардың пікірлері бойынша, олар өткізілген кездесу барысында көптеген қажетті ақпарат алды.

**Г. ЖАНДАРБЕКОВА,
Б. НУРКИНА,
Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институты**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру



2017 жылдың 31 наурызында Академияның КОФ 109, 207, 305-оқу топтарының жетекшілері полиция капитаны А. Қожахмет, полиция аға лейтенанты С. Жолдасқалиев, полиция майоры З. Сүйеубаева және полиция капитаны М. Олексюктың ұйымдастыруымен аса мәнді бір кездесу ұйымдастырылды.

Бұл кездесу - мемлекеттік маңызы бар іс-шаралардың бірі. Ол Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп хатшылығының меңгерушісі Искендіров Асхат Батыржанұлымен «Жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында өтті.

Кездесу барысында мемлекетіміздің қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықпен күресі қаншалықты деңгейде екені талқыланып, курсанттарға жемқорлықтың мемлекетімізге келтіретін зияны мен шығыны түсіндірілді. Осы күнге дейін Асхат Батыржанұлы Қостанай облысының басқа да жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларының арасында дәріс өткізіп, анонимді сауалнама қабылдап, өте ауқымды іс-шаралар өткізіп жатқанын айтып өтті. Әлемдік деңгейдегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің алдын алу іс-шараларының тәжірибесі, ғаламдық проблеманың түйінді мәселелері, мемлекет аумағындағы сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық құқық

бұзушылықтардың бірнеше тізімдемесі курсанттар назарына ұсынылды.

Әлем деңгейіндегі Транспаренси Интернешнлдің, яғни халықаралық айқындық мәліметтерін негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың жер жүзіне таратылу айырмашылықтары және қазіргі әлемдегі жемқорлықтың деңгейін зерттеу мақсатында әлем картасындағы сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты Академия курсанттарына түсіндірді. Курсанттар өз тараптарынан көкейтесті сұрақтарын қойып, оларға толыққанды жауап ала алды.

ІІО-дарындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі таңдағы дәрежесі мен деңгейі туралы қойған сауалдар қызықты да күрделі мәселелерді қозғады. Дәріс соңында Асхат Батыржанұлы келешекте осы мәселе бойынша Академия қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынаста болуға қарсы емес екенін және біздің оқу орнымызбен келесі өткізілетін іс-шараларын айтып өтті.

Топ жетекшілері де бұл дәріске белсенді атсалысып, өздерінің мемлекетіміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше мақсаты мен тәжірибелерін ұсынды. Бұл дәріс Академия курсанттарының, болашақ офицерлердің, ертеңгі ІІО қызметкерлерінің келешектегі өмірлік тәжірибесіне келтіретін пайдасы көп болатыны айқын.

**С. ЖОЛДАСҚАЛИЕВ,
Академияның оқытушысы
полиция аға лейтенанты**

Мейірімді курсант қыздарымыз

Өткен наурыз айында академияның 1-курсның 103-топ тыңдаушылары қала тұрғындарына, әсіресе көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсетуді жөн көріп, бұл ойларын іске асырып көрді.

Курсант қыздарымыз қаланың бірнеше аялдамасында қоғамдық автобустардан түсетін қарт адамдар мен мүгедек адамдардың ауыр заттарын көтеріп, мүгедектерді жолдың арғы бетіне қауіпсіз өткізіп және қажет болған жағдайда үйлеріне жеткізуді көздеген болатын.

Осы қыздар бастаған «мейірімді курсанттар» атты іс-шараның көмегіне Светлана апамыз өзінің отбасы дастарханана орталық базардан азық-түлік алып келу барысында іліккен. Светлана апамыздың аялдамаға келген кезінде оның алдынан курсант қыздар қарсы алып қолындағы заттарын көтеріп үйіне дейін жеткізу көмегін ұсынған. Басында Светлана апамыз олардың ұсынысын өзіне емес, басқа адамға тиесілі айттып тұр ма деген ойға келгенін айтады. Светлана апамыз форма киген курсанттардың осындай іс-

шара өткізіп отырғандарына үлкен ризашылығын білдіріп, оларға тек қана оқуда озат және көрсетіп жатқан жақсылықтары алдарынан шығуын тіледі.

Көмек көрсеткен курсанттарымыз Светлана апамызды үйінің есігінен кіргізіп өздерінің іс-шараларын ары қарай өткізуге кірісті.

Курсант қыздарымыз қаланың жолдан өту қауіптілігі жоғары бекеттерге шықты. Қауіпті бекеттердің бірі Қостанай қаласының Гагарин көшесінің кейбір аялдамаларында жаяу жүргінші өтетін орындардың белгілері көрінбейтін аялдамалар болып табылатын.

Сол күні Қостанай қаласы Гагарин көшесіндегі орталық Шіркеуге қарсы орналасқан аялдамада курсант Куркембаева Гузель мен Андрейчук Ольга жолдың арғы бетінен өте алмай тұрған мүгедек жанға көмектерін көрсетті. Яғни, бір аяғынан айырылған Валентина Попованы өткізіп жіберуге көліктердің тоқтамай жатқанын байқаған курсанттарымыз өздерінің көмегін ұсынып, көліктерді тоқтатып мүгедек жанды қауіпсіз жолдан өткізіп алды.

Валентина Попова курсанттарға бұл өмірде мейірімді жандардың аз екенін айтып, академия

қабырғасында оқитын курсант қыздарымыздың осындай іс-шара өткізіп отырғандарына бас иетініне және олардың әрекеттері қоғамның жастарына да және үлкендеріне де үлгі болу керектігін айтып, өзінің курсанттарға шын жүректен ризашылығын білдіріп көзіне жас алды.

Мейірімділік іс-шарасының көмегіне мұқтаж болған келесі адам - Ұлбосын апа болды. Ұлбосын апамыздың қаланың орталығынан келіп түскен кезінде курсанттарымыз бірден сол кісінің қолынан ұстап қоғамдық көліктен түсіріп алды. 75 жастан асқан Ұлбосын апамыздың жердің көктайғағынан қиналып жүретінін байқаған қыздарымыз бірден апаның мекенжайын сұраған. Ұлбосын апамыз мекенжайды сұраған кезінде түсінбей, оларға не үшін деп сұрақ қойған екен. Курсант қыздарымыздың апаның үйіне жеткізу ниеттерін айтқанда жүрегіме жылу барды деп бөлісті. Ұлбосын апаның қыздарға мекенжайын айтып, үйінің алдына барғанша өзінің өмірлік ақылымен бөліскен. Есігінің алдына келгенде Ұлбосын апа курсант қыздарымызды үйіне кірулерін және өтініп, шәй ішуге шақырған. Алайда қыздарымыз іс-шара бойынша басқа да мұқтаж жандарға

көмектесу керектігін айтып, шәйге рахмет деп жауап қайтарған. Ұлбосын апаның курсант қыздарға келесі «Сендер өттіңдер ме, жоқ па білмедім, бірақ бұрын мектеп оқулығыңда «Тимур және оның командасы» деген осы сендер сияқты мұқтаж жандарға көмек көрсетумен айналысқан балалар жайында жазылған болатын», сендердің әрекеттеріңде солардікі сияқты, бірақ бір ерекшелігі, сендер нағыз қоғамға көмек көрсететін полицейлерсіңдер деп рахметін айтқан.

Курсант қыздарымыз өткізген іс-шараның мақсаты - көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсету, қоғам жастарына жақсы бір сабақ болуы және еліміздің ІІМ қызметкерлеріне деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Әрдайым мейірімді және үлкендерге сыйлы болайық деген сөздер қыздарымыздың ұраны болып кетті!!!

**Ерболат ҚАЙНАР,
Академияның 103-топ жетекшісі,
Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы
полиция майоры**

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru